

САРЫҒАШ АУДАНЫНДА ЗАМАНАУИ ТОМОГРАФИЯЛЫҚ КАБИНЕТ АШЫЛЫП, АУРУХАНАҒА КӨЛІК КІЛТІ ТАБЫС ЕТІЛДІ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Сарыағаш ауданына сапары барысында өңірдегі орталық ауруханаға арнайы аялдады. Мекеменің инсульт орталығындағы соңғы заманауи құрылғымен жабдықталған томография кабинетін саланатты түрде ашып берді. Ондағы жаңадан орнатылған компьютерлік томографияның жұмысымен танысты. Сондай-ақ, облыс басшысы сарыағаштық дәрігерлерге 3 автокөліктің кілтін тапсырды. Бұл игілікті істер Елбасының медицина саласына жасаған қолдауының нәтижесінде болып жатқанын тілге тиек еткен өңір басшысы аурухана ұжымына сәттілік тіледі.



«Мемлекет басшысы қашанда елдің денінің саулығына үлкен көңіл бөліп келеді. Қазір облысымызда модульді пункттер салынып, дәрігерлерге арналған арнайы тұрғын үйлер де бой көтеріп жатыр. Қазіргі таңда тұрғындарға сапалы мамандандырылған қол жетімді медициналық қызмет ұсынып, медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтып келеміз. Дей тұрғанмен ауырып ем іздегенше, ауырмау үшін көпшілікті спортмен шұғылдануға шақырамын», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Сарыағаш аудандық ауруханасында ашылған жаңа томографиялық кабинет алдағы уақытта өңір тұрғындарының денсаулығының саулығы үшін қызмет етпек.

В САРЫГАШСКОМ РАЙОНЕ ОТКРЫЛИ СОВРЕМЕННЫЙ КАБИНЕТ КОМПЬЮТЕРНОЙ ТОМОГРАФИИ

ТУЛКИБАЕВ АСИЛ БАХЫТБЕКОВИЧ Аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев в ходе рабочей поездки в Сарыагашский район посетил центральную районную больницу. В здании, оснащенном современным оборудованием состоялось открытие кабинета компьютерной томографии. Кроме того, глава области вручил ключи врачам Сарыагашского района от 3 автомобилей. Во время встречи с коллективом учреждения аким области отметил, что такие добрые дела происходят в результате поддержки Президента Казахстана медицинской сферы.



"Глава государства всегда уделяет большое внимание здоровому образу жизни населения страны. Сейчас в области строятся модульные пункты, возводят дома для врачей. В настоящее время населению предоставляют качественные специализированные медицинские услуги, укрепляется материально-техническая база медицинских учреждений. Я призываю всех заниматься спортом и закалять свой организм", - сказал Ж.Туймебаев.

Отметим, что теперь жители Сарыагашского района смогут воспользоваться услугами нового кабинета компьютерной томографии, открытие которого прошло в центральной районной больнице.